Біз жоғарыда аталған жобаны іске асыру үшін газ тасымалдау жүйесінің сенімділігін арттыру бағдарламасының бір бөлігі ретінде алғышарттар жасадық.

Қазір «АстанаГаз ҚМГ» АҚ – «Самұрық-Қазына ҰӘҚ» АҚ және Baiterek Venture Fund еншілес компаниясы, Fitch Ratings-нің «Тұрақты» болжамымен «BB» деңгейінде халықаралық эмитент рейтингіне және «А(kaz)» ұлттық ұзақ мерзімді рейтингіне ие.

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ сенімгерлікпен басқаруындағы ұйым.

Қазір «АстанаГаз ҚМГ» АҚ – газ саласын дамыту бойынша сенімді, әрі келешегі зор компания, әлеуеті үлкен, газ саласына берілген, Үкімет алдымызға қойған ең күрделі міндеттерді шешуге мүмкіндік беретін әлеуеті бар кәсіпқойлар ұжымына ие. Ұйымның қызметін сипаттайтын барлық сандар мен фактілерде еңбек ұжымының еңбегі тұр. Бұл - алға қойылған кез келген міндет үшін сенімді күресетін пікірлестер командасы. Олардың әрқайсысы жыл сайын газ өнеркәсібін дамытуға елеулі үлес қосады.

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ туралы жалпы ақпарат

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің 2010 ж. 29 қазандағы шешімімен «АстанаГаз ҚМГ» ЖШС ретінде құрылды және 2010 жылғы 26 қарашада тіркелді. «АстанаГаз ҚМГ» ЖШС елдің солтүстік өңірлерін және Астана қаласын газдандыру жобаларын іске асыру мақсатында құрылды және «Батыс-Солтүстік-Орталық» магистральды газ құбырының құрылысы» жобасының тапсырыс берушісі және үйлестірушісі болып табылады. Алайда, 2014 жылы 5 қыркүйекте Мұнай-газ және энергетикалық салаларды дамыту жөніндегі ведомствоаралық комиссияның отырысында «Батыс-Солтүстік-Орталық» магистральдық газ құбырының құрылысы» жобасын іске асыруды тоқтату туралы шешім қабылдады.

2014 жылы 25 желтоқсанда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесінің шешіміне сәйкес, «АстанаГаз ҚМГ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі «АстанаГаз ҚМГ» акционерлік қоғамына (бұдан әрі – Қоғам) өзгертілді, ол «АстанаГаз ҚМГ» ЖШС құқықтық мұрагері болып табылады. 2015 жылы 21 қазанда «ҚазМұнайГаз» АҚ Директорлар кеңесінің шешімімен «ҚазТрансГаз» АҚ акцияларының төлемі есебінен «АстанаГаз ҚМГ» АҚ 100% акциялар пакетін иеліктен шығарды. 2016 жылы заңды тұлғаны қайта тіркеу жүргізілді. Астана қ. департаменті 2016 ж. 20 қазанда анықтама берді. Мемлекеттік тіркеу нөмірі № 1730-1901-02-АҚ.

Қазіргі уақытта заңды мекенжайы: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, 36-көше, 11-үй.

Нақты орналасқан жері: Қазақстан Республикасы, Астана қ., Есіл ауданы, Қонаев к-сі, 8. БСН 101140017122.

Қоғам қызметінің негізгі түрі – мұнай, газ магистральды құбырларын салу.

2017 ж. 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес 2000 ж. 13 наурызда тіркелген (2004 ж. 9 маусымда қайта тіркелген) «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы бас компания болды (акционерлік капиталда 100% -дық үлес). Бас компания жария қолжетімділік үшін қаржы есептілігін шығарды.

2018 ж. маусымда «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ пайдасына Қоғамның 50% қарапайым акциясын иеліктен шығарды. 2018 жылғы қазанда «ҚазТрансГаз» акционерлік қоғамы «Baiterek Venture Fund» АҚ пайдасына Қоғамның 50% қарапайым акциясын иеліктен шығарды.

«Астана қ., елдің орталық және солтүстік өңірлерін газдандыру үшін «Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана» маршруты бойынша «Сарыарқа» магистральды газ құбыры құрылысын (бұдан әрі – Жоба) іске асырудың кейбір мәселелері туралы» Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігінің 2018 жылғы 12 наурыздағы №94 бұйрығына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің бес әлеуметтік бастамасын іске асыру жөніндегі Іс-шаралар жоспары (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) әзірленді.

Іс-шаралар жоспарына сәйкес, Жобаны іске асыру жөніндегі жұмыс тобы Жобаны қаржыландыру құрылымы мен шарттарын айқындау мәселесін пысықтады.

«ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ АГ ҚМГ-ның міндеттемелерінің мерзімін ұзарта алмауына және еурооблигациялар мен сыртқы заемдар бойынша «қарыз/EBITDA» ковенантасы шектеулеріне байланысты шоғырланатын активтерге/мүлікке заңды регресс ұсына алмауына орай, «АстанаГаз ҚМГ» АҚ қатысушылары (акционерлері) ретінде «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (50% акциялар пакеті) және «Бәйтерек» Ұлттық Басқарушы Холдингі» АҚ венчурлық компаниясы, «Baiterek Venture Fund» АҚ (50% акциялар пакеті) болып белгіленді.

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ жарғылық капиталындағы 50% қарапайым акцияны сенімгерлікпен басқару туралы 2018 жылғы 15 қазандағы шартқа сәйкес, «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ «Самұрық-Қазына» АҚ тиесілі 50% қарапайым акцияны сенімгерлікпен басқарушы болып табылады.

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ органдары болып табылады:

Жоғарғы орган – Акционерлердің жалпы жиналысы («Самұрық – Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және «Baiterek Venture Fund» АҚ);

Басқару органы – «АстанаГаз ҚМГ» АҚ Директорлар кеңесі

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ (бұдан әрі – Қоғам) Директорлар кеңесі «АстанаГаз ҚМГ» АҚ акционерлері Жалпы жиналысының (Қоғам БОСА 2018 жылғы 26 қазандағы №1 хаттамасы) шешімімен 5 (бес) адам құрамында құрылды.

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ акционерлері Жалпы жиналысының шешімімен (2018 жылғы 26 қазандағы №1 БОСА хаттамасы) Директорлар кеңесінің құрамы 3 (үш) жылға сайланды.

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ директорлар кеңесінің 2018 жылғы 1 қаңтардағы құрамы:

Сердиев Ибулла Жұмағұлұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі («ҚазТрансГаз» АҚ);

Хван Валентин Борисович – Директорлар кеңесінің мүшесі, Жалғыз акционердің өкілі («ҚазТрансГаз» АҚ);

Иманбердиев Қанат Борасынұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор;

Әшірбеков Нұрлыхан Әбдісәлімұлы - Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор.

2018 жылы Директорлар кеңесінің құрамы өзгерді, сондай-ақ құрамды үш жылға қайта сайлау орын алды.

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 31 желтоқсандағы құрамы:

Берлібаев Данияр Әмірбайұлы – Директорлар кеңесінің төрағасы – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ өкілі;

Бәсібеков Арслан Ғабитұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі («Baiterek Venture Fund» АҚ өкілі);


Мақашев Сағидулла Ашуұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі – «АстанаГаз ҚМГ» АҚ Бас директоры;

Нәлібаев Иззатулла Ермекбайұлы – Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор;

Әшірбеков Нұрлыхан Әбдісәлімұлы - Директорлар кеңесінің мүшесі – тәуелсіз директор.

Атқарушы орган – Бас директор Мақашев Сағидулла Ашуұлы тұлғасында.

Қоғам аппаратының құрылымы «АстанаГаз ҚМГ» АҚ Директорлар кеңесінің 2018 жылғы 31 қазандағы шешімімен бекітілді және келесі түрде көрсетілген.



2018 жылғы негізгі оқиғалар

2018 жылғы 5 наурызда Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің «Президенттің бес әлеуметтік бастамасы» атты халыққа жолдауында Қараөзек (Қызылорда облысы) – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана маршруты бойынша магистральды газ құбырын салу жобасын іске асыруға бастама жасады.

ҚР Премьер-Министрінің 2018 жылғы 14 наурыздағы №30-р өкімімен бекітілген жол картасында пайдалануға енгізу мерзімі 2019 жылғы Желтоқсанға белгіленді.

2018 жылғы 19 қарашада «Қызылорда-Астана» учаскесі. I кезең. «Сарыарқа магистральды газ құбырын салу» жобасы бойынша магистральды құбырларды төсеу жұмыстарын сатып алу туралы 2018 жылғы 19 қарашадағы №08/18-АГ/ОИ Шартқа қол қойылды.

108

2018 жылғы 11 желтоқсанда «Сарыарқа» магистральды газ құбырын бастау нүктесінің жанында «Сарыарқа» МГ салу» Жобасының 1-інші кезеңінің капсуласын салу бойынша ресми салтанатты рәсімі өткізілді және Мемлекет басшысының қатысумен Телекөпір шеңберінде «Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу жобасы басталды.

2018 жылғы 13 желтоқсанда KASE алаңында «АстанаГаз ҚМГ» АҚ облигацияларын орналастыру жүргізілді және БЖЗҚ қаражатынан 85 млрд. теңге тартылды.

2018 жылғы 28 желтоқсанда мына шарттар жасалды:

- авторлық қадағалау («КАТЭК» ЖШС және «АлатауГорПроект» ЖШС),
- техникалық қадағалау («Engineering Supervision Service» ЖШС),
- ЖСК сатып алу («ҚазТрансГаз» АҚ).

Жобаның негізгі өндірістік көрсеткіштері

Мемлекет басшысы 2018 жылғы 5 наурыздағы халыққа жолдауында Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана маршруты бойынша «Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу жобасын (*бұдан әрі – Жоба*) (1-кезең, «Қызылорда-Астана» учаскесі) іске асыруды тапсырды.

Газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық оператор («ҚазТрансГаз» АҚ) Жобаның ТЭН және ЖСК әзірледі, олар «Мемсараптама» РМК оң қорытындысын алды:

ТЭН бойынша қорытынды- 30.03.2017 ж. № 01-0139/17

ЖСК бойынша қорытынды - 28.08.2018 ж. № 01-0334/18

ТЭН сәйкес Жобаның жалпы құны – 370 млрд. теңгені құрайды. Газ құбырының трассасы «Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана – Көкшетау – Петропавл» маршруты бойынша өтеді.

Бұл ретте жобаны кезең-кезеңімен іске асыру болжанды. Ағымдағы күні «Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана» маршруты бойынша ұзындығы 1061,3 км, құны 267,3 млрд. теңге болатын бірінші кезеңі ғаан қарастырылып отыр.

Газ құбырының осы учаскесі Астана, Қарағанды, Теміртау, Жезқазған қалаларының және магистральды газ құбыры трассасының бойындағы жақын орналасқан елді мекендердің тұрғындарын табиғи газбен қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

2-інші кезеңде ұзындығы 276 км, құны 48,2 млрд. теңге болатын «Астана-Көкшетау» магистральды газ құбырының құрылысы қарастырылды, бұл Көкшетау қ. және Щучинск-Бурабай курорт аймағын қоса алғанда, Ақмола облысын газдандыруға мүмкіндік береді.

3-кезеңде құны 18,9 млрд. теңге (ҚҚС-мен), ұзындығы 177 км болатын «Көкшетау-Петропавл» магистральды газ құбырының құрылысы болжанып отыр, бұл елдің солтүстік өңірін газдандыруға мүмкіндік береді.

4-інші кезеңде осы газ құбырынан газды тұтыну көлемдерінің болжамдық ұлғаюын ескере отырып, магистральды газ құбырының өткізу көлемін 3 млрд.м3/жыл дейін арттыру үшін құны 35,5 млрд. теңге (ҚҚС-мен) болатын «Жезқазған» және «Теміртау» компрессорлық станцияларының құрылысы болжанып отыр.

Жоба шеңберінде Қызылорда облысында қолданыстағы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырына қосу жолымен Қазақстан кен орындарының батыс тобынан (Қарашығанақ, Қашаған, Теңіз, Жаңажол және Урихтау) газ жеткізу жоспарланып отыр.

Жобаны іске асыру келесі әлеуметтік-экономикалық тиімділікке әкеледі:

- магистральды газ құбыры трассасының бойыншағы инфрақұрылымды және табиғи газ пайдаланылатын жаңа өндірістерді дамыту;
- «Сарыарқа» магистральды газ құбыры трассасының бойыншағы 171 елді мекенді табиғи газбен кезең-кезеңімен қамтамасыз ету:
 - Астана қ.,
 - Қарағанды облысы – 119 е.м,
 - Ақмола облысы – 51 е.м.
- құрылыс кезеңінде шамамен 900 жұмыс орнын, пайдалану кезеңінде 200 жұмыс орнын ашу.
- «Сарыарқа» магистральды газ құбыры бірінші кезеңінің трассасы бойындағы өңірлерде

көмірді алмастыру жолымен экологиялық ахуалды жақсарту.

«Сарыарқа» газ құбыры «Бейнеу-Бозой-Шымкент» магистральды газ құбырнан бастау алады. «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры Қазақстан Республикасының барлық магистральды газ құбырларын өзара жалғастырады. Оның ресурстық базасы Қазақстанның батыс өңірінің және Ақтөбе облысының кен орындары болып табылады. 2019 жылы «Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырының өнімділігі жылына 15 млрд м³ құрайды. Бұл қазақстандық газды экспортқа жіберуге, сондай-ақ елдің оңтүстік өңірі, орталық және солтүстік тұтынушыларын газбен толық көлемде қамтамасыз етуге мүмкіндік береді.

«Сарыарқа» газ құбырын «Бейнеу – Бозой – Шымкент» газ құбырына қосу Қызылорда облысында, Қараөзек аулына жақын компрессорлық станциядан кейін орындалады.

Газ құбыры Қызылорда, Қарағанды және Ақмола облыстарының аумағы бойынша өтеді. Газ құбырының ұзындығы 1061,32 км, құбырлардың диаметрі – 820 мм құрайды, бұл ретте өңірлер аясында ұзындығы мыналарды құрайды:

Қызылорда облысы (0-178,12 км) – 178,120 км;

Қарағанды облысы (178,12-943,069 км) – 764,949 км;

Ақмола облысы (943,069-1061,32 км) – 118,251 км.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбыры «Сарыарқа» газ құбыры сияқты 100 атмосфералық жұмыс қысымына есептелген.

«Бейнеу-Бозой-Шымкент» газ құбырындағы қысымның қорын ескере отырып, «Сарыарқа» газ құбырында компрессорлық станциялардың құрылысы қажет емес.

Газ құбырының желілік бөлігімен қатар төмендегілер салынады:

- газ өлшеу станциясы және

- бес автоматты газ тарату станциясы:

Астанада (230 мың м³/с-тан екеу),

Жезқазғанда (40), Қарағандыда (110) және Теміртау (50).

Газ құбыры – «Астана» АГРС-1 тармағы 426х8 – 3,64 км

Газ құбыры – «Астана» АГРС-2 тармағы 426х8 – 1,174 км

Газ құбыры – «Жезқазған» АГРС тармағы 219х6 – 5,565 км

Газ құбыры – «Қарағанды» АГРС тармағы 426х8 – 57,44 км

Газ құбыры – «Теміртау» АГРС тармағы 219х6 – 7,22 мм

Газ құбырының өнімділігі жылына 2,2 млрд м³ газды құрайды:

Газды тұтыну төмендегілерге жеткізу жоспарланып отыр:

-Астанада және облыста жылына 1,5 млрд текше метр газға дейін,

-Жезқазғанда – жылына 200 млн текше метр газға дейін,

- Қарағандыда – 400 млн дейін,

- Теміртауда – 200 млн дейін.

Салыстыру үшін Алматы облысының және Алматы қаласының тұтынуы жылына 2 млрд текше метр газды құрайды.

Жалпы алғанда, оңтүстік облыстар (Түркістан, Жамбыл және Алматы) жыл сайын 4 млрд текше метр газды тұтынады.

Газ құбырының 820 миллиметрлік оңтайлы шартты диаметрі гидравликалық есептеулермен анықталған.

Газ құбырының қысымын ескере отырып, күрделілігі әртүрлі учаскелерде қалыңдығы 12 мм-ден 18 мм дейінгі құбырлар пайдаланылады.

□ I санат – 820х18 мм – 6 км

□ II санат – 820х14 мм – 50 км

□ III санат – 820х12 мм – 1005 км.

Ресей және Қытау зауыттарының құбырларын пайдалану жоспарланып отыр.

Газ құбырының желілік бөлігін салу үшін бір уақытта алтыға дейін автоматтандырылған дәнекелерлеу кешені қатыстырылады.

Мұндай кешендер мыналарды қамтиды:

-құбыр жиектерін өңдеуге арналған аппарат – жігін киюластыру үшін,

268

- жіктің түбін дәнекерлеуге арналған ішкі центратор-дәнекерлеу станциясы,
- сыртқы дәнекерлеу жүйелері.

Автоматты дәнекерлеу кешендерінің өнімділігі сағатына 8-15 жік шегінде өзгеріп отырады.

Жұмыстардың жоғары сапасын қамтасыз ету үшін дәнекерлеу жұмыстары сағатына 4 жік орташа қарқынмен жүргізілетін болады.

Әрбір құбырдың ұзындығы 11 метр кезінде құрылыс қарқыны әрбір дәнекерлеу кешені бойынша күніне 1000 метрден аспауы тиіс. Жұмыстар тәулік бойы жүргізіледі.

Күн сайын барлығы 5-6 километр құбырды дәнекерлеу жоспарланып отыр.

Жұмыстың ерекше түрлерін жеке бригадалар орындайды, атап айтқанда:

- жол жұмыстары,
- өзендер, жолдар, инженерлік желілер арқылы өтпе жолдар салу,
- кран тораптарын салу,
- тасты жерлері бар күрделі учаскелерден өту.

Кедергілер арқылы (ірі жолдар, кеппейтін өзендер) газ құбыр өтпе жолдарын салу бағытталған бұрғылау әдісімен көзделген, бұл жұмысты жылдамдатады және уақытша жолдар мен бөгеттер салуға жұмсалатын артық шығындарды болдырмайды.

Қаржылық көрсеткіштер

2013 ж. 31 мамырдағы №178-28 кредит ұсыну туралы шартқа сәйкес «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясы» АҚ «Тобыл-Көкшетау-Астана маршруты бойынша «Батыс-Солтүстік-Орталық» магистральды газ құбырын салу» жобасының жобалық-сметалық құжаттамаысн әзірлеуді аяқтау үшін Қоғамға 5% жылдық пайыздық мөлшерлеменен 5 жыл мерзімге заем берді. Заемның негізгі қарызын және есептелген сыйақыны төлеу 2018 ж. мамырда жүргізілді. Заем бастапқы мойындау кезінде 8.2% тиімді пайыздық мөлшерлемені пайдаланумен анықталған әділ құны бойынша көрсетілді. Алынған заем мен алу күніндегі оның әділ құны арасындағы айырмашылықты Компания 68,597 мың теңге мөлшерінде қосымша төленген капитал ретінде жіктеген болатын.

2018 жылғы 14 қыркүйектегі №0103-1/32-18R қаржылай көмек беру туралы шартқа сәйкес, «ҚазТрансГаз» АҚ 2019 ж. 14 желтоқсанға дейін өтеу мерзімімен 110,000 теңге сомасына пайызсыз заем берді.

2018 ж. желтоқсанда Компания Қазақстан Қор Биржасында (бұдан әрі – KASE) 15 жылдық айналым мерзімімен 85,000,000 мың теңге сомасына қамтамасыз етусіз купондық облигацияларды орналастырды. Бірінші сыйақы төлемі 2021 ж. желтоқсанда, атаулы құнды өтеу 2033 ж. Сыйақы мөлшерлемесі бекітілген жылдық 10%. Облигациялардың басым бөлігін (96.5%) «Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры» АҚ (бұдан әрі – БЖЗҚ) сатып алды. Облигациялық заемның нысаналы мақсаты – «Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу» жобасы. 16.11.2018 ж. №253/862 кепілдік беру туралы шартқа сәйкес, «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ және «Бәйтерек» ұлттық басқарушы холдинг» АҚ облигацияларды ұстаушылар алында Компания міндеттемелеріне қатысты ішінара ортақ кепілгер болды. Кепілгерлердің әрқайсысы 56,567,500 мың теңгеден аспайтын мөлшердегі (113,135,000 мың теңге екі кепілгерге) сомаға облигациялар бойынша Компанияның 50% аспайтын міндеттемелерінің орындалуын қамтамасыз етеді. Кепілгерлер берген міндеттемелер Компания шығарылған облигациялар бойынша міндеттемелерін толық орындағанға дейін немесе облигациялар шығарылымының күші жойылғанға дейін қолданылады.

2018 жылғы 31 желтоқсанда Қоғамның қаржылық жай-күйі туралы толық ақпарат «ЦентрАудит» НАК» АҚ аудиторлық компаниясының қоса берілген Есебінде ұсынылған

Бюджеттің атқарылуы келесі көрсеткіштермен сипатталады.

Қоғамның 2018 жылғы бюджетінің атқарылуы

Мың теңге

	2017	2018		+/-	
	нақты	жоспар	нақты	2018 нақты/2017 факт	2018 жоспар/2018 нақты
Жалпы және әкімшілік шығыстар	-39 462	-102 437	-132 579	-93 117	-30 142

Қызметкерлердің табысы, оның ішінде қызметкерлердің қысқа мерзімді сыйақылары бойынша резервтер	-31 365	-42 867	-43 310	-11 945	-443
Қызметкерлердің табысымен байланысты салықтар мен аударымдар	-2 620	-3 046	-2 814	-194	232
Негізгі құралдардың амортизациясы	-1 522	0	-88	1 434	-88
Аудиторлық қызметтер	-1 946	-7 000	-6 154	-4 208	846
Қызметкерлерді медициналық сақтандыру	-739	-741	-709	30	32
Қаржылық консалтинг	0	0	-38 384	-38 384	-38 384
Жалдау бойынша шығыстар	0	-15 126	-2 697	-2 697	12 429
Рейтинг беру бойынша қызметтер	0	0	-23 822	-23 822	-23 822
Иссапар шығыстары	0	0	-1 943	-1 943	-1 943
Көлік қызметтері	0	-2 708	-1 435	-1 435	1 273
Листинг алымы	0	0	-5 074	-5 074	-5 074
Өзге шығыстар	-1 270	-30 949	-6 149	-4 879	24 800
Қаржылық кірістер	2		374 207	374 205	374 207
Қаржылық шығыстар	-41 732	-96 249	-17 434	24 298	78 815
Айырбастау айырмасынан залал			-1 101	-1 101	-1 101
Өзге кірістер (залалдар), нетто	-44			44	0
Салық салуға дейінгі кіріс (залал)	-79 343	-193 634	223 093	302 436	416 727
Корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар				0	0
Жыл ішіндегі қорытынды кіріс (залал)	-79 343	-193 634	223 093	302 436	416 727
Өзге де жиынтық табыс (залал)				0	0
Корпоративтік табыс салығын шегергендегі, жыл ішіндегі жиынтық табыс (залал)	-79 343	-193 634	223 093	302 436	416 727

Жалпы шығыстар бюджеті 198 686 мың теңге кезінде нақты шығыстар 150 013 мың теңге мөлшерінде құралды.

Негізгі ауытқулар мыналармен байланысты:

уақытша бос қаражатты орналастырудан табыс алумен;
қаржылық консалтинг, рейтингті агенттіктерге және листинг алымдарына жұмсалатын шығыстарды қаржылық шығыстардан жалпы әкімшілік шығыстарға қайта жіктеумен.
Яғни, қаржыландыруды ұйымдастыру және тарту бойынша жоспарланған шығыстар, сондай-ақ KASE, рейтингтік агенттіктер қызметі жалпы және әкімшілік шығыстарда көрсетілген, бұл осы шығындар санаты бойынша бюджеттің артық орындалуымен байланысты.

Қызмет нәтижелері

Жобаны іске асыру шеңберінде келесі жұмыс атқарылды:

Қызылорда, Қарағанды және Ақмола облысының әкімдіктері «Сарыарқа» магистральды газ құбырын төсеу үшін жер учаскелеріне жария сервитуттар белгілеу туралы қаулылар шығарды:

- Қызылорда облысы – 02.05.2018ж. қаулы,
- Қарағанды облысы – 22.05.2018ж. қаулы,
- Ақмола облысы – 29.06.2018ж. қаулы.

Ведомствоаралық жұмыс тобы қаржыландыру схемасы мен шарттарын әзірледі, олар Экономиканы жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияда бекітілді:

- «АстанаГаз ҚМГ» жобалық компаниясының жарғылық капиталын 80,3 млрд. теңгеге толықтыру («Самұрық-Қазына» ҰОҚ АҚ және «Бәйтерек» ҰБХ АҚ 40,15 млрд. теңгеден);
- 102 млрд. теңге сомасына банктердің заем қаражаты (Еуразия Даму Банкі және «Қазақстан Даму Банкі» АҚ 51 млрд. теңгеден),
- «БЖЗҚ» АҚ зейнетақы активтерін «АстанаГаз ҚМГ» АҚ облигацияларына 85 млрд. теңге сомасына инвестициялау.

2018 жылы 21 тамызда ҚР экономикасын жаңғырту жөніндегі мемлекеттік комиссияда жоғарыда көрсетілген Жобаны қаржыландыру, оның ішінде дағдарысқа қарсы қаражатты пайдалану және

«БЖЗҚ» АҚ қаражатын тарту туралы схемасы мен шарттарын қарастырды және мақұлдады. «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ АҚ Қоғамды жобаны іске асыру үшін жобалық компания ретінде, сондай-ақ «Сарыарқа» МГ құрылысы бойынша Бас мердігер «МГҚК «ҚазҚұрылысСервис» АҚ белгіленді.

2018 жылы 30 қазанда Қоғамның жарғылық капиталы 80,3 млрд. теңге сомасына толықтырылды. 2018 жылы 13 желтоқсанда «БЖЗҚ» АҚ қаражаты есебінен 85 млрд. теңге сомасына қаржыландырудың екінші бөлігі тартылды.

ҚДБ және ЕАДБ 102 млрд. теңге сомасында қаржыландырудың қалған бөлігін алу 2019 жылғы мамырға жоспарланды.

2018 жылы 19 қарашада «АстанаГаз ҚМГ» АҚ және Бас мердігер «МГҚК «ҚазҚұрылысСервис» АҚ арасында «Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу туралы шартқа қол қойылды.

Осыған байланысты Мердігер қаражатын күтілетін игеру және Орындалған жұмыстар актісіне сәйкес шот ұсыну 2019 жылғы сәуір-мамырдан бастап жоспарланды.

2019 жылғы 11 желтоқсанда Мемлекет басшысының қатысуымен Телекөпір шеңберінде «Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу жобасының ресми салтанатты рәсімі өткізілді.

ҚМЖ шарты бойынша жұмыстарды орындау кестесіне 2018 жылы 29 желтоқсанда қол қойылды, оған сәйкес Жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарын бастау 2019 жылы наурыздың үшінші онкүндігіне белгіленді. Осы уақытқа дейін мердігер дайындық іс-шараларын жүргізеді: техника мен персоналды жұмылдыру, жұмыстарды материалдық ресурстармен қамтамасыз ету, логистиканы ұйымдастыру.

2018 жылы 28 желтоқсанда шарттар жасалды:

- авторлық қадағалау («КАТЭК» ЖШС және «АлатауГорПроект» ЖШС),
- техникалық қадағалау («Engineering Supervision Service» ЖШС),
- ЖСҚ сатып алу («ҚазТрансГаз» АҚ).

«Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу. I кезең. «Қызылорда-Астана» МГ учаскесі» объектісі бойынша құрылыс-монтаждау жұмыстарын бастау туралы хабарлама қабылданды:

- «Қызылорда облысы МСҚББ» ММ – 29.12.2018ж.,
- «Ақмола облысы МСҚББ» ММ – 05.01.2019ж.,
- «Қарағанды облысы МСҚББ» ММ – 06.01.2019ж.

«Сарыарқа» МГ қосылуға алдын ала техникалық шарттар беру кезінде Қоғамның, «ҚазТрансГаз» АҚ (газ және газбен жабдықтау саласындағы ұлттық операторы) және «Интергаз Орталық Азия» АҚ (магистральды газ құбыр бойынша ұлттық оператор) арасындағы өзара іс-қимыл тәртібін айқындайтын меморандум 2019 жылы 28 қаңтарда жасалды.

Жоба үшін материалдар мен жабдықты жеткізу ақпанның үшінші онкүндігінен 2019 жылғы қыркүйектің екінші онкүндігіне дейін (құбырларды жеткізу – 2019 жылғы наурыздың басынан тамызға дейін).

Газ құбырының желілік бөлігі учаскелерін гидравликалық сынауды бастау – 2019 жылғы маусымның бірінші онкүндігі.

Объекті бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарының аяқталуы – 2019 жылғы желтоқсанның үшінші онкүндігі.

Қазіргі уақытта газ құбыр трассасынан 0 км вахталық кентті абаттандыру жүргізіліп жатыр.

2018 жылдың ішінде жобаны іске асыру қызметтеріне шарттар жасалды

Жоба бойынша құрылыс-монтаж жұмыстарына «Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу. I кезең. «Қызылорда-Астана» МГ учаскесі» жобасы бойынша магистральды газ құбырды төсеу жұмыстарын сатып алу бойынша 19.11.2018ж. №08/18-АГ/ОИ шарты (бұдан әрі – ҚМЖ шарты) жасалды. ҚМЖ шарты бойынша мердігер – «МГҚК ҚазҚұрылысСервис» АҚ, шарт сомасы – ҚҚС-мен бірге 264 509 199 101,28 теңге, жұмыстарды орындау мерзімі – 31.12.2019ж. дейін.

Жоба бойынша авторлық қадағалау қызметтеріне авторлық/техникалық қадағалау бойынша қызметтерді сатып алу туралы 28.12.2018 ж. №09/36-АГ/ОИ (бұдан әрі – АҚ шарты) жасалды («Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу. I кезең. «Қызылорда-Астана» учаскесі» жобасына авторлық қадағалау). АҚ шарты бойынша орындаушы – Жоба бойынша әзірлеуші болып

табылатын «КАТЭК» ЖШС және «АлатауГорПроект» ЖШС компаниялары құрамында консорциум.

Жоба бойынша техникалық қадағалау қызметтеріне «Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу. I кезең. «Қызылорда-Астана» учаскесі» авторлық/техникалық қадағалау қызметтерін сату туралы 28.12.2018 ж. №09/37-АГ/ОИ (бұдан әрі – ТҚ шарты) жасалды («Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу. I кезең. «Қызылорда-Астана» учаскесі» техникалық қадағалау). ТҚ шарты бойынша орындаушы - «Engineering Supervision Service» ЖШС.

Жобаны іске асыруға арналған жобалық-сметалық құжаттама (бұдан әрі – ЖСҚ) тапсырыс беруші «ҚазТрансГаз» АҚ-дан «Сарыарқа» МГ салу» (I кезең. «Қызылорда-Астана» МГ учаскесі) жобасы бойынша жобалық-сметалық құжаттаманы сатып алу-сату туралы 28.12.2018 ж. №09/38-АГ/ОИ шарты (бұдан әрі – ЖСҚ шарт) бойынша сатып алынды.

ЖСҚ 28.12.2018 ж. толық көлемде алынды.

«Сарыарқа» МГ қаржыландыруды ұйымдастыру және тарту

«Қызылорда – Жезқазған – Қарағанды – Теміртау – Астана» маршруты бойынша «Сарыарқа» магистральды газ құбыры құрылысы бірінші кезеңінің ҚМЖ құны 267,3 млрд. теңгені құрайды. Қазақстан Республикасы Энергетика министрінің 2018 жылғы 12 наурыздағы №94 бұйрығымен бекітілген Қазақстан Республикасы Президентінің бес әлеуметтік бастамасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарына (жол картасына) (бұдан әрі – Іс-шаралар жоспары) сәйкес Жобаны іске асыру жөніндегі жұмыс тобы Жобаны қаржыландыру құрылымы мен шарттарын айқындау бойынша мәселе пысықталды.

2018 жылғы сәуір-тамызда Жобаның бірінші кезеңін қаржыландыру схемасы мен шарттары пысықталған болатын. Жобалық компания ретінде «АстанаГаз ҚМГ» АҚ белгіленді, мұнда Жобалық компанияның қатысушылары 50% қатысу үлесімен «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ» АҚ және «Бәйтерек» ҰБХ» АҚ болып табылады.

Жобаның бірінші кезеңінің жалпы құнынан Жобалық компания қатысушылардың жеке қаражаты 80,3 млрд. теңгені құрайды.

Облигациялық бағдарлама 187 млрд теңгені құрайды.

Қазақстан қор биржасы Листинг комиссиясының 2018 жылғы 12 желтоқсандағы шешімімен «АстанаГаз ҚМГ» АҚ облигациялары KASE ресми тізіміне енгізілді. Көрсетілген облигациялардың шығарылымы Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі 2018 жылы 11 желтоқсанда жалпы сомасы 187,0 млрд. теңгеге тіркеген «АстанаГаз ҚМГ» АҚ облигациялық бағдарламасы шегінде бірінші болып табылады. Облигацияларға AKMGb1 қысқартылған белгісі берілді.

Ұлттық валютада номинацияланған көрсетілген облигацияларды орналастыру 2018 жылы 13 желтоқсанда 85 млрд. теңге жалпы көлемімен сәтті жүзеге асырылды. Жүргізілген мамандандырылған сауда-саттық нәтижесінде облигациялардың қорытынды табысы 10,0% деңгейінде белгіленді.

Мәміле бойынша андеррайтер мен қаржы кеңесшісі - “SkyBridgeInvest” АҚ.

Облигациялық бағдарламаның бірінші шығарылымы шеңберінде БЖЗҚ қаражатын 15 жыл мерзімге Жобалық компанияның инфрақұрылымдық облигацияларына инвестициялау арқылы 85 млрд теңге тартылды.

Облигациялар бойынша сыйақыны есептеу Облигациялар айналымы басталған күннен басталады. Сыйақы есептеу Облигациялардың барлық айналым кезеңі ішінде жүргізіледі және Облигациялар айналымының соңғы күні аяқталады.

Сыйақы төлеу үшінші айналым жылынан бастап жылына 1 (бір) рет, Облигациялар айналымының барлық мерзімі ішінде Облигациялар айналымы басталған күннен бастап әрбір 12 (он екі) ай сайын жүргізіледі.

2019 жылы «Сарыарқа» газ құбыры құрылысын уақтылы аяқтау үшін Қоғам 2019 жылғы мамырдан кешіктірмей Еуразия даму банкінен және «Қазақстан даму банкі» АҚ-да 102 млрд. теңге мөлшерінде инвестициялар тартуды аяқтауды жоспарлап отыр, бұл қаражат жылдың аяғына дейін игеріледі.

138

Әлеуметтік және экологиялық жауапкершілік

2018 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Қоғамның штат саны 22 қызметкерді құрайды және келесі санаттармен берілген:

Компания басшылығы:

- 1) Бас директор
- 2) Бас директордың бизнесті қолдау жөніндегі орынбасары:
- 3) Бас директордың өндіріс бойынша орынбасары:
- 4) Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары.

Әкімшілік персоналы келесі қызметтерден тұрады:

1. Заң қызметі – 1 қызметкер, функционалдық міндеттері: құқықтық сараптама, құрылымдық бөлімшелерге заңгерлік көмек көрсету, мемлекеттік органдармен және өзге де ұйымдармен келіссөздерге қатысу.

2. Персоналды басқару қызметі – 1 қызметкер: функционалдық міндеттері: кадрларды есепке алу, еңбекақы төлеу, Қоғам қызметкерлерінің әлеуметтік қолдау және еңбек тәртібі бойынша құжаттарды, қағидаларды, ережелерді әзірлеу, кадрлардың сандық және сапалық құрамы туралы деректерді жасау және есебін жүргізу.

3. Өнеркәсіптік қауіпсіздік, еңбекті қорғау және экология департаменті – 1 қызметкер, келесі қызмет бағыттары бойынша функционал: еңбекті қорғау және қауіпсіздік техникасы, қоршаған ортаны қорғау, өнеркәсіптік қауіпсіздік, өрт қауіпсіздігі және төтенше жағдайлар, ведомстводан тыс күзет.

4. Бизнесті қолдау департаменті- 2 қызметкер, функционалдары – техникалық және әкімшілік қолдау, негізгі құралдар мен тауар-материалдық құндылықтарды бақылау, есепке алу, сақтау, беру.

5. Сатып алу және тендерлік рәсімдер департаменті – 1 қызметкер, функционалы - «Самұрық-Қазына» АҚ нормативтік құжаттарының талаптарына сәйкес тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді сатып алуды ұйымдастыру және қамтамасыз ету

6. Күрделі құрылыс департаменті (бұдан әрі – КҚД) – 3 қызметкер, функционалдық міндеттері:
- құрылысты ұйымдастыру және мердігерлік ұйымдардың өндірістік қызметін үйлестіру,
- мердігерлік ұйымдардан орындалған жұмыстарды қабылдауды ұйымдастыру,
- салынған объектілерді пайдалануға қабылдау іс-шараларын ұйымдастыру.

7. Инжиниринг департаменті - 2 қызметкер, функционалы: МГ және ГТС желілік бөліктерінің технологиялық бағыттары бойынша, автоматтандыру бойынша, электр бөлігі және электр-химиялық қорғау бойынша, телекоммуникация және байланыс құралдары бойынша, ЖСҚ бойынша орындалған жұмыстардың сапасын, сондай-ақ мердігерлік ұйымдардың авторлық қадағалау барысында ЖСҚ енгізілген өзгерістерді бақылау бойынша.

8. Техникалық құжаттаманы бақылау департаменті - 1 қызметкер, функционалы - Жобаны іске асыру барысында шығарылатын техникалық орындау құжаттамасының Қазақстан Республикасының нормативтік базасының талаптарына, оның ішінде оны рәсімдеудің белгіленген мерзімдерін сақтау талаптарына сәйкестігін бақылау, Жоба бойынша шығарылған техникалық орындау құжаттамасын жүйелеу, оны есепке алуды және сақтау шарттарын қамтамасыз ету.

9. Бюджеттік жоспарлау және тарифтерді белгілеу департаменті – 1 қызметкер, функционалы: инвестициялық преференцияларды, тарифтік сметаны, Сенімгерлікпен басқару шартын, Қаржы институттарына арналған есептілікті, ФЭМ есептеулерді басқару, ҚМГ Инвестициялық комитетіне, Акционерлерге және өзге органдарға материалдар дайындау бойынша.

11. Бухгалтерия – 2 қызметкер, оның ішінде Бас Бухгалтер, функционалы: қаржы-шаруашылық қызметті талдау, қаржылық есептілікті жасау және ұсыну, салық есептілігі нысандарын тапсыру, қызметкерлермен және есеп беретін тұлғалармен есептеулер жасау және ұйымдастыру, ТМҚ есепке алу, статистикалық есептерді жасау.

12. Корпоративтік қаржыландыру департаменті-2 қызметкер, функционалы – қаржы институттарының заемдарын тарту, Қаржы институттарына (ҚДБ, БЖЗҚ, ҚР ҰБ, ЕАДБ)

арналған есептілік, өтімділікті басқару, төлемдер жасау, ақша қаражаты қозғалысының болжамын жасау, төлем күнтізбесі және нысаналы пайдалануды бақылау.

Қоғамның корпоративтік хатшысы Қоғам акционерлерінің және директорлар кеңесінің отырыстарын дайындауды және өткізуді, сондай-ақ акционерлердің жалпы жиналысының күн тәртібі мәселелері бойынша материалдарды және Қоғамның директорлар кеңесінің отырысына материалдарды дайындауды қамтамасыз етеді, оларға қол жеткізуді қамтамасыз ету үшін бақылау жүргізеді.

Кадр саясаты

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ өз қызметінде «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Директорлар кеңесі 2016 жылғы 13 желтоқсанда (№17/2016 хаттама 15-т.) бекіткен «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ 2017-2021 жылдарға арналған кадр саясатын басшылыққа алады. Аталған саясатқа сәйкес Қоғам келесі құралдарды пайдаланады: қолданыстағы тәсілдемелер, персоналмен жұмыс істеу саласындағы үздік тәжірибені ескере отырып, кадрлық менеджменттің жетілдірілген әдістері мен құралдары, осылайша, Компанияның персоналды басқару саласындағы корпоративтік құндылықтар жүйесінің бірыңғай тәсілдемесін қалыптастыруға және әзірлеуге мүмкіндік береді.

1. Осыған байланысты Қоғамның Кадр саясаты негізіне келесі базалық қағидаттар алынды:
2. Кешенділік – персоналды басқару қызметінің барлық салаларын қамту;
3. Жүйелілік – саясаттың барлық құрамдас элементтерін өзара байланыста қарау;
4. Ашықтық – адами ресурстарды басқару процесінің барлық салаларының ашықтығы;
5. Дәлелділік – персоналды басқару саласындағы барынша экономикалық және әлеуметтік тиімділікті қамтамасыз етуі мүмкін заманауи ғылыми әзірлемелерді пайдалану;
6. Тиімділік – персоналды басқару саласындағы іс-шараларға жұмсалған шығындар өндірістік қызметтің нәтижелерімен өтелуі тиіс.
7. Қоғамның Кадр саясаты келесі негізгі тәсілдемелерді айқындайды:
8. Қоғамның персоналы жоспарлау және оны оңтайлы пайдалану, сапалы дамыту жағдайында бәсекелестік артықшылықтар мен көшбасшылық позицияларды қамтамасыз етуге қабілетті адами ресурс ретінде қарастырылады;
9. Қоғамның персоналы оның корпоративтік мәдениеті мен құндылықтарының қорғаушысы болып табылады және өңірлік, мемлекеттік және халықаралық деңгейлерде Қоғам қызметіне қоғамның сенімгерлік қатынасын қалыптастыруға жәрдемдеседі;
10. Адами ресурстарды басқару барлық иерархиялық басқару деңгейлерінде Қоғамды ұйымдық басқарудың маңызды функцияларының бірі ретінде қарастырылады;
11. Адами ресурс бәсекелестік күрес барысында алынған материалдық емес актив ретінде, ал персоналға жұмсалған шығыстар – Қоғамның дамуына ұзақмерзімді инвестициялар ретінде қарастырылады;
12. Қызметкерлердің әрқайсысының Қоғамның стратегиялық мақсаттарына қол жеткізуге қосқан үлесіне сәйкес әлеуметтік, материалдық қажеттіліктерін қанағаттандыру;
13. Әрбір қызметкермен ҚР Еңбек кодексінің талаптарын сақтауға негізделген және кәсіби құзыреттілік деңгейін толық іске асыруға мүмкіндік беретін ұзақ еңбек қатынастарын орнату, сондай-ақ оны Қоғамның қажеттіліктері мен қызметкердің лауазымдық құзыреттілік деңгейінің талаптарына сәйкес жетілдіру.

Қоғамның Кадр саясатының негізгі мақсаты Компания үшін барынша кіріс алуға және бәсекелестік ортада көшбасшылықты қамтамасыз етуге бағытталған, экономикалық ынталандыру мен әлеуметтік кепілдіктерге негізделген және жұмыс берушінің, сол сияқты қызметкердің мүдделерінің үйлесімділігіне және олардың қатынастарының Қоғам игілігіне дамуына ықпалын тигізетін адами ресурстарды басқару жүйесін жасау арқылы персоналды басқару тиімділігін арттыру болып табылады.

Персоналды басқару жүйесі адами ресурстарды ұтымды және негізді жоспарлау, заманауи HR-технологиялар мен тиімді өндірісті қамтамасыз етуге және стратегиялық міндеттерді жоғары кәсіби деңгейде шешуге мүмкіндік беретін тиімді ынталандыру тетіктерін пайдалануға негізделуі тиіс.

Жергілікті қамту

Сатып алуды жүзеге асыру кезінде Қоғам «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ әдіснамасын қолданады. Жұмыс барысында Сатып алу қағидаларын басшылыққа алады, процестер Сатып алуды жүргізу, есептілік ұсыну туралы нұсқаулықта және Қордың басқа нормативтік құжаттарында регламенттелген. Құрал Қоғам тиісті шарт жасасқан «Самұрық-Қазына Келісімшарт» ЖШС әкімшілендіретін электронды сатып алудың ақпараттық жүйесі болып табылады.

Қоғамның тиісті бөлімшесі өнім берушілердің сатып алу шарттарында жергілікті қамту үлесін орындау бойынша міндеттемелерін орындауын қатаң бақылайды.

2018 жылдың қорытындысы бойынша тауарларды, жұмыстарды және қызметтерді жалпы сатып алу көлемі 267 млрд 090 млн теңгені құрады.

Жергілікті қамту төмендегілерді құрайды:

Атауы	Сатып алу сомасы, теңге	жергілікті қамту %
Тауар	1 млрд 617 млн	99%
Қызмет	964 млн	98%
Жұмыс	264 млрд 509 млн	-

2018 жылғы жалпы сатып алу көлемінің негізгі бөлігін «Сарыарқа» магистральды газ құбырын төсеу бойынша 264 млрд 509 млн теңге сомасына құрылыс-монтаж жұмыстарын сатып алу алып отыр.

Сметалық есептеулер жұмыстардың құрылымын келесі түрде сипаттайды: кемінде 70% бұл ҚР аналогтары жоқ техникалық жабдық және құбыр өнімі (автоматты газ тарату станциялары, үлкен диаметрлі құбырлар және т.с.с.). Алайда, құрылыс-монтаждау жұмыстарының барлық түрлерін отандық кәсіпкерлер орындайды деп күтіледі.

Шарт 2018 жылғы қарашада жасалған, орындау кезінде кемінде 10,2% жергілікті қамту күтіледі. Әлеуметтік әріптестік шеңберінде Қоғам 2019 жылға мүгедектер ұйымдарынан тауарларды (бланкілер, кеңсе өнімі) сатып алуды жоспарлап отыр.

Бұл ретте, 2017 жылы Қоғам өндірістік қызметті жүзеге асырған жоқ.

Экология, өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау саласындағы өз қызметінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын, магистральды құбырларды салу және пайдалану кезіндегі практикада қабылданған Қағидалар мен халықаралық стандарттарды басшылыққа алады.

Қауіпсіздікті және еңбекті қорғауды басқарудың дербес жүйесін жасау және оның басқарушы компания менеджментінің интеграцияланған жүйесімен үйлестіру үшін Қоғамда «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ еңбекті қорғауды басқарудың бірыңғай жүйесін енгізді.

2018 жылы Қоғамның штат кестесі 22 қызметкерге дейін кеңейді. Жаңадан қабылданған қызметкерлер еңбек қауіпсіздігі және еңбекті қорғау бойынша кіріс нұсқамадан өтті. Қызметкерлері өнеркәсіптік қауіпсіздік және еңбекті қорғау мәселелері бойынша оқытудан және аттесттаудан өтуі тиіс бөлімшелер анықталды.

«Сарыарқа» магистральды газ құбырын салу және одан әрі пайдалану кезінде өңірлердің экологиясына ықтимал теріс ықпалының деңгейін анықтау мақсатында «Қоршаған ортаға ықпалды бағалау» әзірленді және жобаның мемлекеттік экологиялық сараптамасының он қорытындысы алынды.

Өртке қарсы режимді сақтау үшін тиісті жауапты тұлғалар тағайындалды.

Корпоративтік басқару бойынша есеп

Директорлар кеңесінің мүшелері туралы мәліметтер

Т.А.Ә.	Туған жылы	Соңғы үш жыл ішінде және қазіргі уақытта атқанға лауазымдары, хронологиялық тәртіппен, оның ішінде қоса атқарған қызметтері
--------	------------	---

Берлібаев Данияр Әмірбайұлы	1968	2015 ж. шілдеден 2016 ж. шілдеге дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ Басқарма төрағасының корпоративтік даму бойынша орынбасары; 2016 ж. тамыздан 2017 ж. қазанға дейін – «ҚазМұнайГаз» ҰК АҚ тасымалдау, өңдеу және маркетинг бойынша атқарушы вице-президенті; 2017 ж. қарашадан 2019 ж. қаңтарға дейін – Басқарма төрағасының кеңесшісі.
Бәсібеков Арслан Ғабитұлы	1987	2015 ж. наурыздан 2017 ж. тамызға дейін – «Қазақстан даму банкі» АҚ Кредиттік тәуекелдер департаменті кредиттік тәуекелдер басқармасының басшысы; 2017 ж. маусымнан қазіргі уақытқа дейін - «Baiterek Venture Fund» АҚ Басқарма төрағасының орынбасары
Мақашев Сағидулла Ашуұлы	1973	2016 ж. қыркүйектен 2017 ж. ақпанға дейін – «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы КЕАҚ Басқармасы аппаратының коммерциялық сервисті дамыту департаментінің директоры 2017 ж. ақпаннан 2018 ж. тамызға дейін – «Ақтөбе ТЭЦ» АҚ инвестициялар және корпоративтік басқару жөніндегі басқарушы директор, қамтамасыз ету жөніндегі басқарушы директор, Басқарма төрағасы 2018 ж. тамыздан – қазіргі уақытқа дейін – «АстанаГаз ҚМГ» АҚ бас директоры
Нәлібаев Иззатулла Ермекбайұлы	1989	2015 ж. қарашадан 2017 ж. мамырға дейін – Тараз қ. «Тараз-Арена» ШЖҚ КМК директорының орынбасары 2017 ж. маусымнан 2017 ж. тамызға дейін – Жамбыл облысы әкімі аппараты қаржы-шаруашылық бөлімінің бас инспекторы 2017 ж. тамыздан 2018 ж. қыркүйекке дейін – Жамбыл облысы Рысқұлов ауданы әкімінің орынбасары
Әшірбеков Нұрлыхан Әбдісәлімұлы	1978	2014 ж. қыркүйектен 2017 ж. ақпанға дейін - «Industrial Forwarding» ЖШС директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары 2017 ж. ақпаннан қазіргі уақытқа дейін – «Қаз НХТ» ЖШС директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары

Директорлар кеңесінің қызметі

Есепті кезең ішінде Қоғамның Директорлар кеңесі 11 отырыс өткізді. Қарастырылған мәселелердің жалпы саны 27 құрайды.

Директорлар кеңесі мүшелерінің Директорлар кеңесінің отырыстарына қатысуы:

Т.А.Ә.	Лауазымы	Қатысу саны	Қатысу пайызы	Ескертпелер
Берлібаев Д.Ә.	Директорлар кеңесінің төрағасы	6-дан 6	100%	Қоғамның 2018 ж. 26 қазандағы №1 БОСА шешімімен Директорлар кеңесінің Төрағасы болып сайланды
Бәсібеков А.Ғ.	Директорлар кеңесінің мүшесі	6-дан 6	100%	Қоғамның 2018 ж. 26 қазандағы №1 БОСА шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Мақашев С.А.	Директорлар кеңесінің мүшесі	6-дан 6	100%	Қоғамның 2018 ж. 26 қазандағы №1 БОСА шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды

209

Нәлібаев И.Е.	Тәуелсіз директор	6-дан 6	100%	Қоғамның 2018 ж. 26 қазандағы №1 БОСА шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды
Әшірбеков Н.А.	Тәуелсіз директор	6-дан 6	100%	Қоғамның 2018 ж. 26 қазандағы №1 БОСА шешімімен Директорлар кеңесінің мүшесі болып сайланды

Басқару органы қарастырған 27 мәселенің ішінде 27-сі Қоғамның қызметіне қатысты болды, олардың ішінде:

№ р/с	Директорлар кеңесі қарастырған мәселелердің тақырыбы	Қабылданған шешімдер саны
	Бизнес-жоспарды және оған түзетулерді бекіту	3
	Сатып алуды жүзеге асыру	3
	Кадр мәселелері	1
	Құрылымды жаңа редакцияда бекіту	1
	Қаржы мәселелері	4
	Жасалуында мүдделілік бар мәмілелерді бекіту	4
	Өзге мәселелер	11

Барлық шешімдер толық көлемде және белгіленген мерзімде орындалды. Акционерлердің Қоғамға, оның лауазымды тұлғаларына қатысты өтініштері мен жекелеген пікірлері (оның ішінде тікелей қарым-қатынас, брифингтер көмегімен) келіп түскен жоқ.

«АстанаГаз ҚМГ» АҚ Жалғыз акционерінің 2015 жылғы 5 маусымдағы шешімімен бекітілген «АстанаГаз ҚМГ» АҚ Директорлар кеңесі туралы ережеде Директорлар кеңесінің мүшесін сайлау туралы шешім қабылдау кезінде Директорлар кеңесі мүшесіне үміткерлерді іріктеуге қойылатын келесі талаптарды басшылыққа алынады деп бекітілген:

- 1) Қоғамның Жалғыз акционерінің және Директорлар кеңесінің басқа мүшелерінің үміткерге сенімі;
- 2) үміткердің іскерлік және салалық ортадағы мінсіз беделі;
- 3) үміткердің Жалғыз акционердің және Қоғамның мүддесіне барынша сай келетін, безбенделген шешімдер қабылдауға мүмкіндік беретін кәсібі білімі мен біліктілігі;
- 4) кемінде 3 (үш) жыл басшылық жұмыс тәжірибесінің болуы, Қоғамның негізгі қызметіне сәйкес келетін салада болғаны дұрыс;
- 5) оған жүктелген функцияларды тиімді орындауға мүмкіндік беретін жеткілікті уақыт санының болуы. Директорлар кеңесі мүшесіне үміткер басқа акционерлік қоғамның органдарына қатысу туралы шешім қабылдау немесе басқа ұйымға жұмысқа қабылдану кезінде оған жүктелген міндеттерді тиісті түрде атқару үшін жеткілікті уақыты болуы тиіс екендігіне сүйенуі керек. Бұл ретте, Қоғамның Директорлар кеңесі мүшелеріне Қоғамға бәсекелес ұйымдардың директорлар кеңесіне (бақылау кеңесіне) немесе атқарушы органдарына кіретін тұлғаларды тағайындауға рұқсат етілмейді.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелеріне Қоғамға бәсекелес ұйымдардың директорлар кеңесінің (бақылау кеңестерінің) немесе атқарушы органдарының мүшелеріне өзін үміткер ретінде немесе сайлау рәсімдеріне қатысу ұсынылмайды. Директорлар кеңесі мүшесінің Қоғамға бәсекелес ұйымның директорлар кеңесінің (бақылау кеңесінің) немесе атқарушы органының құрамына қатысуы Директорлар кеңесінің осы мүшесінің өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтатуға негіздеме болып табылады.

Қоғамның Директорлар кеңесінің мүшелері өзінің біліктілігін үнемі арттыруға ұмтылуы тиіс.

- 1) заңнамада белгіленген тәртіппен соттылығы өтелмеген немесе алынбаған;
- 2) белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған осындай басқа заңды тұлғаны мәжбүрлі тарату немесе акцияларын мәжбүрлі сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданғанға дейін бір жыл бұрын кезеңде басқа заңды тұлғаның Директорлар кеңесінің төрағасы, бірінші басшысы (Басқарма төрағасы), басшының орынбасары, бас бухгалтері болып табылған тұлға Директорлар кеңесінің мүшесі бола алмайды. Көрсетілген талап белгіленген тәртіппен банкрот болып танылған осындай басқа заңды тұлғаны мәжбүрлі тарату немесе акцияларын мәжбүрлі сатып алу немесе консервациялау туралы шешім қабылданған күннен кейін бес жыл ішінде қолданылады.

